

«Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті» КЕАҚ		НАО «Казархский национальный женский педагогический университет»
АКАДЕМИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР ЖӨНІНДЕГІ ДЕПАРТАМЕНТ		ДЕПАРТАМЕНТ ПО АКАДЕМИЧЕСКИМ ВОПРОСАМ
ЕРЕЖЕ		ПРАВИЛА
2 РЕДАКЦИЯСЫ		РЕДАКЦИЯ 2

«БЕКІТІЛДІ»

«ҚазҰлтҚызПУ» КеАҚ

Басқарма Төрағасы-Ректордың бұйрығы

« 18 » 04 2025 жыл,

№ 09-02-79/197

БОС БІЛІМ БЕРУ ГРАНТТАРЫН ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ СТИПЕНДИЯСЫН ТАҒАЙЫНДАУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

Тіркеу № 5
Дана № 1197/197

Енгізілген күні 21.04.2025
(күн, ай, жыл)

Алматы қ., 2025 жыл

ҚазҰҚПУ-нің ішкі құжаты. Құжатты рұқсатсыз пайдалануға тыйым салынады.

МАЗМҰНЫ

1	Қолдану саласы	3
2	Нормативтік сілтемелер	3
3	Терминдер мен анықтамалар	3
4	Белгілер мен қысқартулар	4
5	Жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім алу процесінде босаған бос білім беру гранттарын беру тәртібі	4
6	Қазақстан Республикасы Президентінің стипендиясын тағайындау тәртібі	6
7	Өзгерістер енгізу	8
8	Келісу, сақтау, тарату	8
9	Қосымшалар	9
10	Келісу парағы	11
11	Танысу парағы	12
12	Өзгерістер мен толықтыруларды тіркеу парағы	13

1. ҚОЛДАНУ САЛАСЫ

1.1 «Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті» КеАҚ бос білім беру гранттарын және ҚР Президентінің стипендиясын тағайындау туралы Ереже (бұдан әрі – Ереже) «Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті» КеАҚ (бұдан әрі – университет) жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру үдерісінде босаған бос білім беру гранттарын және ҚР Президентінің стипендиясын тағайындау рәсіміне қойылатын негізгі талаптарды ҚР ҒЖБМ нормативті-құқықтық актілеріне сәйкес айқындайды.

1.2 Бұл Ереже білім беру үдерісіне жауапты барлық бөлімшелердің (Академиялық мәселелер жөніндегі департамент, Жоғары оқу орнынан кейінгі білім департаменті, институттар, кафедралар) қолдануларына міндетті болады.

2. НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Ережеде келесідей нормативті құжаттарға сілтемелер қолданылған:

- Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы, 2007 жыл 27-шілде, №319-III.

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2018 жылғы 30 қазандағы №595 бұйрығымен бекітілген Жоғары және/немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары (ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 2023 жылғы 2-тамыздағы №379 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген).

- «Бакалавр» немесе «магистр» дәрежелері берілетін жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім алуға ақы төлеу үшін білім беру грантын беру қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің м.а. 2023 жылғы 25 тамыздағы № 443 бұйрығы.

- Қазақстан Республикасының Президенті белгілеген стипендияларды тағайындау ережесін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 07 сәуірдегі № 136 бұйрығы, (ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 2024 жылғы 20-ақпандағы №69 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген).

3. ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР

Осы Ережеде бос білім беру гранттарын және ҚР Президентінің стипендиясын тағайындау қағидаларына сәйкес келесідей терминдер мен анықтамалар қолданылады:

1) білім беру бағдарламаларының топтары – даярлау бағыттары бейінінің ортақтығымен біріктірілген және белгілі білім беру саласы шеңберінде кадрлар даярлауды қамтамасыз ететін білім беру бағдарламаларының жиынтығы;

2) білім беру гранты – «бакалавр» немесе «магистр» дәрежелері берілетін жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім алуға ақы төлеу үшін білім алушыға

Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген шарттармен берілетін нысаналы ақша сомасы;

3) білім алушыларды аралық аттестаттау - оқу пәнінің оқу аяқталғаннан кейінгі бағдарламасына сәйкес білім алушылардың оқу жетістіктерінің (білімдерінің, іскерліктерінің, дағдылары мен құзыреттерінің) деңгейін бағалау рәсімі;

4) үлгерімнің орташа балы (GPA) - таңдап алған бағдарлама бойынша белгілі бір оқу кезеңі ішінде білім алушының қол жеткізген білім деңгейінің орташа өлшемді бағасы (осы оқу кезеңі ішіндегі кредиттердің жалпы санына пәндер бойынша аралық аттестаттау бағалары балдарының сандық эквивалентіндегі кредиттердің жалпы сомасының қатынасы);

5) транскрипт - кредиттер мен бағаларды көрсететін тиісті оқу кезеңі ішіндегі игерілген пәндер тізбесі мен оқу жұмысының басқа түрлерінен құралған құжат;

6) ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті орган – жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру саласындағы басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органы;

7) білім алушылардың оқу жетістіктері – білім алушылардың оқу үдерісінде алған және жеке тұлғаның қол жеткізген даму деңгейін көрсететін білімі, іскерліктері, дағдылары мен құзыреттері;

8) университет – әртүрлі салалар бойынша ғылыми-педагогикалық қызметті, кадрлар даярлауды, іргелі және (немесе) қолданбалы ғылыми зерттеулерді жүзеге асыратын және жетекші ғылыми-әдістемелік орталық болып табылатын жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымы.

4. БЕЛГІЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

Ережеде келесідей қысқартулар пайдаланылды:

ЖОО – жоғары оқу орны;

ББГ – босаған білім беру гранты;

ББТ – білім беру бағдарламасының тобы;

МЖМБС - мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты;

АКМЖД – академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры;

ЖАО – жергілікті атқарушы органдар;

БГ – білім беру гранты;

ОҰҰБ – бөлім;

ПОҚ – профессор-оқытушылар құрамы;

ҒК – ғылыми кеңес;

GPA – білім алушының оқу жетістіктерінің деңгейін орташа бағалау.

5. ЖОҒАРЫ НЕМЕСЕ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНАН КЕЙІНГІ БІЛІМ АЛУ ПРОЦЕСІНДЕ БОСАҒАН БОС БІЛІМ БЕРУ ГРАНТТАРЫН БЕРУ ТӘРТІБІ

5.1. Жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім алу процесінде ББГ, оның ішінде батыс, халық тығыз орналасқан және жаңадан құрылған өңірлерден келген

адамдарға арналған БГ ББТ бойынша ақылы негізде білім алушыларға конкурстық негізде беріледі.

5.2. Конкурс қысқы және көктемгі демалыс кезеңінде бүкіл оқу кезеңінің үлгерімнің GPA орташа балы негізінде аралық аттестаттаудың нәтижесі бойынша куәлік беріле отырып өткізіледі.

5.3. «Бакалавр» немесе «магистр» дәрежелері берілетін жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім алуға ақы төлеу үшін білім беру грантын беру қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің м.а. 2023 жылғы 25 тамыздағы № 443 бұйрығының 2-тарауының 5-тармағына сәйкес бос білім беру гранты бойынша конкурсқа Ұлттық бірыңғай тестілеу (бұдан әрі – ҰБТ) сертификаты бар студенттер ғана қатыса алады.

5.4. Университеттің ресми сайтындағы <https://qyzpu.edu.kz> «Хабарландырулар» қосымшасында кадрларды даярлау бағыты мен курсын, босаған білім беру гранттарының санын көрсете отырып, ашық конкурс туралы хабарландыру орналастырады.

5.5. Үлгерімінің GPA орташа балының көрсеткіштері бірдей болған жағдайда бүкіл оқу кезеңінде бағалары А, А- («өте жақсы») білім алушылар ғана басым құқыққа ие болады, келесі кезекте – А, А- («өте жақсы») бастап В+, В, В-, С+ («жақсы») дейінгі бағалар, бұдан әрі – аралас бағалар.

5.6. ББГ беру жазғы және қысқы каникул кезеңінде конкурстық негізде мынадай тәртіппен жүзеге асырылады:

- ақылы негізде білім алып жатқан академиялық қарызы және пән айырмашылығы жоқ білім алушы университеттің Басқарма Төрағасы-Ректордың атына өзінің GPA балын ашық қолжетімді болатындай жариялауға келісімін көрсете отырып, одан әрі жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру гранты бойынша оқуға өтініш береді;

- Білім алушылардың өтініштері институттың Академиялық және әлеуметтік комитетінде қаралып, ББГ ЖОО конкурсына қатысу үшін кандидатураларды ұсыну туралы шешім шығарады;

- Институттың Академиялық және әлеуметтік комитеті отырысының хаттамасы үміткерлердің жеке құжаттарымен бірге университеттің ғылыми кеңесінің және (немесе) директорлар кеңесінің бекітуіне беріледі;

- ОУҰБ ББТ, кадрларды даярлау бағыты және курсын, GPA балын көрсете отырып, бос гранттарға үміткерлердің деректерін университеттің ресми сайтына <https://qyzpu.edu.kz> орналастырады;

- Келіп түскен өтініштер университеттің ғылыми кеңесінің және (немесе) директорлар кеңесінің отырысында қаралады;

- Университеттің ғылыми кеңесінің және (немесе) директорлар кеңесінің шешімі негізінде тиісінше ағымдағы жылғы 5 тамызға және 25 қаңтарға дейінгі мерзімде ББГ үміткерлердің тізімін ҚР ҒЖБМ шешім қабылдау үшін жолдайды.

- Тізімге білім алушы өтінішінің көшірмесі, ғылыми кеңестің және (немесе) директорлар кеңесінің шешімі, білім алушының транскрипті, білім алушыны қабылдау туралы бұйрықтан үзінді, оның жеке басын куәландыратын құжатының

көшірмесі және университеттен шығарылған білім беру гранты иегерінің куәлігі (төлнұсқа) мен оқудан шығару туралы бұйрықтан үзінді қоса беріледі;

5.7. Үміткерлердің болмауына байланысты ҚР ҒЖБМ ұсынылған ББҒ комиссия конкурстық негізде қайта бөледі;

5.8. Конкурс басқа ЖОО-да ақылы негізде білім алып жатқан, конкурсқа қатысу үшін құжаттар ұсынған білім алушылар арасында білім беру бағдарламаларының топтары, курс бөлінісінде, бүкіл оқу кезеңінде GPA орташа балы негізінде аралық аттестаттау нәтижесі бойынша өткізіледі;

5.9. ҚР ҒЖБМ келіп түскен құжаттарды ББТ, оқуға түскен жылын ескере отырып, оқу нысаны мен мерзімі бөлінісінде қарайды және шешім оң болған жағдайда ББҒ беру туралы бұйрық шығарады (ББТ бойынша үміткерлер болмаған жағдайда жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім алу процесінде ББҒ даярлық бағытының немесе білім беру саласының ішінде қайта бөлінеді);

5.10. ҚР ҒЖБМ бұйрығының негізінде ҰТО білім беру грантын беру туралы куәлікті ресімдейді және деректерді үш жұмыс күні ішінде тиісті университетке жібереді;

5.11. Куәліктің негізінде Басқарма Төрағасы-Ректор одан әрі БГ бойынша оқу туралы бұйрық шығарады;

5.12. Университеттің Басқарма Төрағасы-Ректор жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім алу процесінде босатылған пайдаланылмаған ББҒ БҚР ҒЖБМ уақтылы қайтаруға жауапты болады.

5.13. Қос диплом бағдарламалары бойынша шетелдік жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының филиалдарында стратегиялық әріптестік шеңберінде бірлескен білім беру бағдарламалары бойынша жоғары білім алу процесінде ББҒ конкурстық негізде стратегиялық әріптестік шеңберінде бірлескен білім беру бағдарламалары бойынша, шетелдік жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының филиалдарында, тиісті ББТ қосарланған диплом бағдарламалары бойынша білім алушыларға беріледі;

5.14. Қос диплом бағдарламалары бойынша шетелдік жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының филиалдарында стратегиялық әріптестік шеңберінде бірлескен білім беру бағдарламалары бойынша жоғары білім алу процесінде ББҒ тағайындау үшін конкурсқа қатысу шарттары университет бойынша айқындалады.

5.15. Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім алу процесінде босатылған ЖАО-ның бос білім беру гранттарын беруді ЖАО комиссиясы жазғы және қысқы каникул кезеңінде осы Ереженің 5.1-5.6-тармақтарында көзделген тәртіппен конкурстық негізде босаған орындарға жүзеге асырады.

6. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ СТИПЕНДИЯСЫН ТАҒАЙЫНДАУ ТӘРТІБІ

6.1. Қазақстан Республикасының Президенті тағайындаған Стипендия:

- студенттер мен магистранттардың ғылыми-зерттеу және оқу-танымдық қызметін ынталандыруға;

- анағұрлым талантты және дарынды студенттер мен магистранттарды қолдауға;
- интеллектуалды әлеуетін қалыптастыруға ықпал етуге бағытталған.

6.2. Университет меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан ағымдағы жылғы 25 қаңтарға дейін өздері қарауындағы мемлекеттік органдарға стипендияға қажеттілікті жібереді;

6.3. ҚР ҒЖБМ Президент қаулысының 4-тармағына сәйкес мемлекеттік органдар мен меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан ЖОО арасында ағымдағы жылғы 30 наурызға дейін стипендияны бөледі;

6.4. Стипендия санын ЖОО арасында бөлу Қазақстан Республикасының ЖОО-дағы күндізгі оқу нысаны бойынша студенттер мен магистранттар контингентіне сәйкес жүзеге асырылады.

6.5. Күндізгі оқыту нысаны бойынша студенттер мен магистранттар контингенті кемінде 700 адам болатын ЖОО-дарға стипендия бөлу жүзеге асырылмайды;

6.6. Стипендия күндізгі оқу нысаны бойынша оқитын студенттерге 3-курстан бастап, магистранттарға – екінші оқу жылынан бастап мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша және ақылы негізде тек «өте жақсы» (А, А-) оқитын студенттерге және магистранттарға беріледі;

6.7. Стипендия студенттер мен магистранттардың мынадай санаттарына тағайындалады:

1) республикалық және халықаралық олимпиадалардың, шығармашылық конкурстардың, спорттық жарыстардың, фестивальдардың жеңімпаздары немесе жаңалықтар, өнертабыстар авторлары;

2) ғылыми еңбек жинақтарында, республикалық және халықаралық ғылыми журналдарда жарияланымдары бар;

3) табыстары дипломдармен, грамоталармен, сертификаттармен, куәліктермен расталған ғылыми-зерттеу жұмыстарымен белсенді айналысатындар;

4) университеттің қоғамдық, мәдени және спорттық өміріне белсене араласатындар.

6.8. Стипендия ғылыми кеңестің шешімі негізінде Басқарма Төрағасы-Ректордың бұйрығымен жүзеге асырылады;

6.9. Стипендия бір академиялық кезеңге тағайындалады;

6.10. Стипендия университеттің ғылыми кеңесінің шешіміне сәйкес бір тұлғаға бірнеше рет берілуі мүмкін;

6.11. Кезекті академиялық кезеңге стипендияларды тағайындау жөніндегі университеттің ғылыми кеңесінің шешімі академиялық кезең басталғанға дейін екі аптадан кешіктірілмей қабылданып, Министрлікке магистранттар мен студенттердің тізімімен жіберілуі тиіс;

6.12. Стипендияларды тағайындау кезінде үміткерлерді іріктеу осы Ереженің 6.6 және 6.7 тармақтарында жазылған өлшемдер тәртібінде жүзеге асырылады;

6.13. Тең жағдайда басымдық:

- жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға;
- бала кезінен мүгедектігі бар адамдарға, мүгедектігі бар балаларға беріледі.

6.14. Қазақстан Республикасының Президенті белгілеген стипендияны беру жазғы және қысқы каникул кезеңінде, университет үшін бекітілген стипендиялар саны бар ҚР ҒЖБМ бұйрығы ресми жарияланғаннан кейін, конкурстық негізде мынадай тәртіппен жүзеге асырылады:

- білім алушы университеттің Басқарма Төрағасы-Ректордың атына Қазақстан Республикасының Президенті белгілеген стипендияны тағайындау конкурсына қатысу туралы өтініш береді;

- білім алушылардың өтініштері бірінші институттың Академиялық және әлеуметтік комитетінің отырысында қаралып, университет ҒК қарауына кандидатураларды ұсыну туралы шешім шығарады;

- институттың Академиялық және әлеуметтік комитеті отырысының хаттамасы үміткерлердің жеке құжаттарымен бірге университеттің ҒК бекітуіне беріледі;

- университет кезекті академиялық кезеңге стипендиялар беру жөніндегі ҒК шешімімен бірге академиялық кезең басталғанға дейін кемінде екі апта бұрын студенттер мен магистранттардың тізімін ҚР ҒЖБМ жібереді.

6.15. ЖОО-да стипендияны тағайындауға үміткер болмаған жағдайда осы Ереженің 6.6 және 6.7-тармақтарына сәйкес жоғары оқу орындары белгілі стипендиялардың санынан бас тарту туралы ақпаратты академиялық кезең басталғанға дейін екі апта ҚР ҒЖБМ ұсынады.

6.16. Стипендияларды төлеу тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджетте көзделген қаражаттар шегінде ай сайын жүргізіледі.

7. ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗУ

7.1. Ереженің жаңа редакциясына өзгерістер мен толықтырулар әзірлеуді ОҰҰБ басшысы жүзеге асырады.

7.2. Ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізу, сондай-ақ оның жаңа редакциясы университеттің Ғылыми кеңес отырысының шешімімен бекітіледі.

8. КЕЛІСУ, САҚТАУ, ТАРАТУ

8.1. Ережемен келісу келесідей басшылармен жүзеге асырылады:

- 1) Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры-Бас регистрар;

- 2) Заң бөлімінің басшысы;

- 3) Академиялық мәселелер жөніндегі Басқарма мүшесі-проректор.

8.2. Ереженің түпнұсқасын сақтау жауапкершілігі Заң бөліміне жүктеледі.

8.3. Ереженің бекітілген көшірмесі Оқу үдерісін ұйымдастыру бөлімінде сақталады.

8.4. Ереженің сканерленген бекітілген нұсқасын таратуға Оқу үдерісін ұйымдастыру бөлімі жауапты болады.

« 18 » 04 2025 жылғы
Басқарма Төрағасы-Ректордың
№ 09-02 -19/197 бұйрығына
Қосымша 1

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық
университетінің Басқарма Төрағасы-Ректор

(институт атауы)

(шифр, білім беру бағдарламасының атауы)
күндізгі бөлімінде ақылы негізінде оқитын
_____ курс (_____ жылдық)
студенті

(білім алушының Т.А.Ә.)
Телефон нөмірі: _____

Өтініш

Менің Сізге өтініш жазу себебім, оқу үлгерім «өте жақсы»/ «жақсы» болғандықтан, босаған білім беру грантына ауыстыруыңызды сұраймын.

Оқуды аяқтағаннан кейін заңнамалық актілерге сәйкес, білім беру бағдарламасының бейіні бойынша жұмыспен өтеу керектігі ескертілді және келісемін.

GPA балымды ашық сайттарда жариялауға қарсы емеспін.

Білім алушы қолы _____

« 18 » 04 2025 жылғы
Басқарма Төрағасы-Ректордың
№ 09-02-19/197 бұйрығына
Қосымша 2

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық
университетінің Басқарма Төрағасы-Ректор

(институт атауы)

(шифр, білім беру бағдарламасының атауы)
күндізгі бөлімінде *грант/ақылы* негізінде оқитын
_____ курс (_____ жылдық)
студенті

(білім алушының Т.А.Ә.)


Телефон нөмірі:

Өтініш

Менің Сізге өтініш жазу себебім, оқу үлгерімім «өте жақсы» болғандықтан,
Президенттік стипендияға ұсынуыңызды сұраймын.

Білім алушы қолы _____

КЕЛІСУ ПАРАҒЫ

№	Лауазымы	Т.А.Ә.	Күні	Қолы
1	Өзірлеген: Оқу үдерісін ұйымдастыру бөлімінің басшысы	Акжолова А.А.	17.04.25	
2	Келісілді: Академиялық мәселелер жөніндегі Басқарма мүшесі- проректор	Жуманкулова Е.Н.	17.04.25	
3	Келісілді: Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры-Бас регистрар	Балажанова К.М.	17.04.25	
4	Келісілді: Заң бөлімінің басшысы	Маханов М.М.	17.04.25	